

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**Кентау қаласы бойынша түсімдердің қалалық бюджетке толық, уақтылы түсуін және қалалық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2022 ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

## **I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Кентау қаласы бойынша түсімдердің қалалық бюджетке толық, уақтылы түсуін және қалалық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу»

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;
- 2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

Кентау қалалық мәслихат аппараты», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қаласы әкімінің аппараты», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі», Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі, Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық кәсіпкерлік және туризм бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі», Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімінің аппараты», Кентау қаласы әкімдігінің «Ащысай ауылы әкімінің аппараты», Кентау қаласы әкімдігінің «Хантағы ауылы әкімінің аппараты», Кентау қаласы әкімдігінің «Қарнақ ауылы әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Қарашық ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Ораңғай ауылдық округ әкімі аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Иассы ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі-Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Жаңа-Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Бабайқорған ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Үшқайық ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек Жолы ауылдық округ әкімінің аппараты», Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері, Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы», Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі», Кентау қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы», Кентау қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы»,

Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі», Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық Б.Саттарханов атындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі», Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі», Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №4 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемелері. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі Кентау қаласы әкімдігінің «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (үстеме тексеру).

#### **1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:**

Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең: 01.10.2019 жыл – 30.09.2021 жыл.

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

#### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2021 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Кентау қаласы бойынша түсімдердің қалалық бюджетке толық, уақтылы түсуін және қалалық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 09.11.2021 жыл - 27.12.2021 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 40 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 30 мемлекеттік мекеме, 8 коммуналдық мемлекеттік мекеме, үстеме тексеру 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында және «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінде жүргізілді.

Кентау қаласы Қазақстанның оңтүстігінде, Түркістан облысында Қаратау тауының беткейінде орналасқан.

Қала аумағы 7,745 мың шаршы шақырымды (Кентау қаласының аумағы шаршы шақырым) немесе Түркістан облысы аумағының 7 пайызын құрайды. 2020 жылдың қорытындысымен халықтың саны 209 182 адам (немесе облыс халқының 10,3%). Халықтың тығыздығы аумақтың 1 шаршы шақырымға шаққанда 26,7 адам/шаршы шақырым.

Кентау қаласының аумағында баритке бай қазбалар, барит қорлары орналасқан. Известняктар, әртүрлі балшықтар, сугинкілер, тальк және тағы басқалар секілді кеңінен тараған алуан түрлі пайдалы қазбалар бар.

Өнеркәсіп саласы бойынша өндірілген өнім көлемі 2018 жылы 32,3 млрд. теңге, 2019 жылы 28,8 млрд. теңге болса, 2020 жылы 1,2 есеге артып, 36,8 млрд. теңгені құраған.

Ауылшаруашылық саласы бойынша өндірілген өнім көлемі 2018 жылы 49,1 млрд. теңге, 2019 жылы 61,0 млрд. теңге болса (124,2%), 2020 жылы 1,5 есеге артып, 72,9 млрд. теңгені құраған.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 2018 жылы 14,5 млрд. теңге, 2019 жылы 24,5 млрд. теңге болса, 2020 жылы 3,9 есеге артып, 57,2 млрд. теңгені құраған.

Кентау қаласы Түркістан облысының өнеркәсіптік қалаларының бірі. Жалпы өңірлік өнім көлемінде өнеркәсіп өндірісі өнімінің үлесі 2018 жылы 32,4%, 2019 жылы 27,5%, 2020 жылы 28,5% -ды құраған.

Қаланың өнеркәсіптік өндіріс құрылымы көп салалы сипатта.

2018 жылдың қортындысында өнеркәсіп өндірісі өнімінің көлемінде тау-кен өндірісі өнімі көлемінің үлесі 0,4%-ды, өңдеу өнеркәсібінің үлесі 93,2%-ды құраған. 2019 жылдың қортындысында өнеркәсіп өндірісі өнімінің көлемінде тау-кен өндірісі өнімі көлемінің үлесі 2,1%-ды, өңдеу өнеркәсібінің үлесі 90,9%-ды құраған.

2018 жылы электр қуатын, газ бен суды өндіріп тасымалдау қала өнеркәсіп өндірісінің құрылымындағы үлесі 4,8%, 2019 жылы 4,9%, 2020 жылы 4,7% болған.

2018 жылдың қортындысында агроөнеркәсіп кешені бойынша 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жалпы өнімнің нақты көлем индексі 112,6%, 2019 жылы 106,0 %, 2020 жылы 106,3 %-ды құраған.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының дамуына бірқатар мәселелер әсерін тигізуде:

- суармалы судың жеткіліксіздігі және тиімсіз пайдалануы, шаруа қожалықтары территорияларында суғару инфрақұрылымының (тұнбалануы және қоқыстануы) істен шығуы;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу бойынша кәсіпорындардың және көкөніс қоймаларының жеткіліксіздігі;
- шаруа қожалықтарының ыдырап орналасуы, жер иеліктерінің мөлшерінің аз болуы, жаңа технологияларды қолдану, егін тәртібін сақтау, жаңа сорттарды қолдану мүмкіндігін бермейді;
- ауыл шаруашылығы техникасы парктерінің тозуы және машина-трактор бекетінің жоқтығы;
- суармалы жерлердің жеткіліксіздігі.

Кентау қаласы Қазақстанның экологиялық қолайсыз аймақтарының бірі болып табылады. Кентау қаласының экологиялық жағдайы улы ауыр металдар және басқа да қоспаларға бай қалдықтардың шоғырлануымен аймақ техногендік сипатқа жататын өңір болып табылады.

Кентау қаласындағы әлеуметтік сала жағдайы демографиялық ахуалдың қолайлы жағдайымен сипатталады.

Бүгінгі күнге аудандағы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдай жалпы алғанда ілгері дамып жақсарған. Дегенімен, кейбір елді мекендерде, әсіресе, шалғайдағы орналасқан аймақтарда әлеуметтік мәселелерді шешудегі қажет етіп отырған өзгерістер баяу жүргізілуде.

Халық санының көптігіне және жер аумағының үлкендігіне байланысты жедел басқаруда қиындықтар туындауда.

Халықтың көп болуы елді мекендердегі, әсіресе шалғайдағы, әлеуметтік инфрақұрылымдарың жедел дамуына кері әсерін тигізуде. Қазіргі талапқа сай күнделікті атқарылып жатқан жұмыстарды тексеріп бақылап отыру, жоғарыдан берілген тапсырмалар және талаптарды орындау мен қордаланған күрделі мәселелерді уақтылы шешуде қиындықтар туғызуда. Қарапайым халықтың өзін алар болсақ, кейде қажетті анықтама немесе басқа да құжат үшін сонау шалғайдағы елді мекендерден әуре-сарсаңға түсіп аудан орталығына қатынауына тура келуде.

Кентау қаласының инфрақұрылымы бойынша, көлік инфрақұрылымы саласын (көліктер мен жолдардың барлық түрлерін), тұрғындарды газбен, ауыз сумен, жылу және энергия қуатымен қамтамасыз етуді жедел дамыту қажет.

### **2019 жыл**

2019 жылы Кентау қаласы бюджетінің кіріс бөлігі 40,0 млрд. теңгеге орындалса, өзіндік кірістер 2,3 млрд.теңге болып, бюджетке 114,0 млн.теңге артық түскен.

Жалпы өткен жылы Кентау қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында біршама оң өзгерістер болған. Яғни өнім көлемі жылдың қорытындысымен 104,6 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 106,5% артқан.

### **Инвестиция**

Қала экономикасына тартылған инвестиция көлемі 24,4 млрд.теңгеге жетіп, өсімі 100,2%-ды құраған.

### **Өнеркәсіп саласы**

Қалада өнеркәсіп өнімін өндірудің негізгі үлесі 3 ірі, 27 орта және шағын кәсіпорындар есебінде. 2019 жылдың қорытындысымен өнеркәсіп кәсіпорындары – 28,8 млрд теңгенің өнімін өндірген. НКИ -103,8% құраған. Жоспар орындалған.

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыстық өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасына жалпы құны 9,19 млрд теңгеге 7 жоба енгізіліп, 4 жоба толығымен іске асырылған.

2020 жылы 2 жоба іске қосу жоспарлануда. Ашылатын жұмыс орны 220 адам.

### **Индустриалды аймақ**

Индустриалды аймақ елдің өркендеуінің кепілі. Қаладағы индустриалды аймақта 2,9 млрд теңгеге 10 жобаны іске асыру жоспарланған. Бүгінге 2 жоба толық қуаттылыққа шығып жұмысын жүргізуде. 100 адам жұмыспен қамтылған. Қалған 8 жоба 2020 жылы іске асыру жоспарланған. Ашылатын жұмыс орны 151 адам.

### **Шағын және орта бизнес**

Шағын және орта бизнес – еліміздің әлеуметтік –экономикалық және саяси өмірінде маңызды роль атқарады.

Қазіргі таңда қаламызда жұмыс істеп тұрған шағын орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 8356 бірлікті құрап, 15,5 пайызға артқан.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасының» екінші бағыты шеңберінде жыл басынан Микро-қаржы

ұйымдары арқылы 1.2 млрд теңгеге 139 жоба қаржыландырылған. Сонымен қатар, аталған бағдарлама аясында «Бастау-бизнес» және «Жас кәсіпкер» жобасы арқылы 478 адам сертификат алып, 236,6 млн. теңге грант иеленген.

«Қарапайым заттар экономикасы» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 14 жоба ұсынылған. 3 жоба мақұлданып, несиелендірілген.

### **Ауыл шаруашылығы саласы**

Кентау бұрын өндірістік қала болып келсе, енді экономикадағы ауыл шаруашылығы саласын 63 %-ды құрап отыр. 2019 жылы ауыл шаруашылық саласында жалпы өнім көлемінің жоспары 57 млрд. болса, орындалуы 61,4 млрд. құрап 107 % орындалып, нақты көлемдік индекс 106 % құраған. Ал, ауыл шаруашылыққа негізгі капиталына тартылған инвестицияның жоспары 4,5 млрд., орындалғаны 5,4 млрд. 121 % құраған. Ауыл шаруашылық тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына тартылған инвестициялар 47,1 млн., орындалғаны 57,7 млн., 117 % құраған. Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламалар толығымен орындалған.

### **Әлеуметтік сала**

Жалпы қала бойынша халық саны 206625 адам, экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 89568 адам, өзінше жұмыспен қамтылғандары 59062 адам, жұмыссыздық деңгейі 5,2%-ды құраған.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 2018 жылы 2491 отбасына 353 млн. теңге төленсе, 2019 жылы 8912 отбасына 5 млрд. теңге төленген. Ал, үстіміздегі жылы 3690 отбасына АӘК беріледі деп күтілуде. Оған 2,5 млрд теңге қаржы қарастырылған.

### **Білім беру саласы**

Білім беру саласына 2019 жылы 17,0 млрд.теңге қарастырылған.

Біздің алдымызда білім саласы бойынша екі міндет бар.

Оның біріншісі орын тапшылығын жою мақсатында жаңа мектептердің құрылысын жүргізу.

2019 жылы Қарнақ ауылында 300 орындық Ахын-тума мектебі пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы Шаға ауылдық округі мен Ескі Иқан ауылында 300 орындық мектеп құрылысы жұмыстарын аяқтап пайдалануға беру жоспарлануда.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 5 жылдық даму бағдарламасына жалпы 9 ауылдық, 2 қалалық мектеп құрылысы жоспарға енгізілген.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «қала мен ауыл балаларының білім деңгейін теңестіру қажет» деген тапсырмасы аясында талдау нәтижесі бойынша ҰБТ-дан қала оқушылары 83,6 балл, ауыл оқушылары 74,6 балл жинаған. Осыған орай педогогтардың біліктілігін арттыру, курстар мен семинарлар оқыту, ал ауылдағы дарынды оқушыларды анықтап, қолдау көрсету қажет.

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін үнемі арттыру және алдыңғы қатарлы озық педогогикалық тәжірибелерді оқып үйрену үшін ауыл мектептерін жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамту жоспарлануда.

Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар ыстық тамақпен, киім-кешекпен, жазғы сауықтыру лагеріне жолдамамен қамтылған. Қазіргі таңда 12 ауылда 15

автобус оқушыларды тасымалдау қызметі жасайды. 2020 жылы қосымша 10 автобус қосылады.

Қала бойынша 1638 оқушы мектеп бітіріп, оның 1143-і ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырған. 128 оқушы «Алтын белгі», 46 оқушы «Үздік аттестат» және жоғары балл жинаған 664 оқушы мемлекеттік грантқа ие болған.

### **Құрылыс және сәулет саласы**

Тұрғын үй шаруашылық қатынастарда тұрғын үй кезегінде тұрғандар 4096 адам.

2018 жылы жалпы алаңы 30862 шаршы метрді құрайтын 3 үй берілген.

2019 жылы жалпы алаңы 39975 шаршы метрді құрайтын 5 қабатты 60 пәтерлі 5 дана тұрғын үй пайдалануға берілген. 2018 жылмен салыстырғанда тұрғын үйдің шаршы метрі 30 пайызға артық. Қаладағы Ш.Уалиханов көшесі бойынан 10 дана 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үйлердің құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Пәтер саны – 600 дана. 2020 жылдың пайдалануға тапсыру жоспарлануда.

### **Коммуналдық сала**

#### **Ауыз сумен қамтамасыз ету**

Кентау қаласындағы 42 елді мекеннің бүгінгі таңға, 38 елді мекені орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген.

**Қазақстан Республикасының «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы** бойынша, ағымдағы жылы 44 көпқабатты тұрғын үйге облыстық бюджеттен 1074,2 млн теңге қаржы бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

2019-2021 ж.ж. аралығында көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу іс-шара жоспарына сәйкес, 2020 жылы -74 үй; 2021 жылы-73 үйлер күрделі жөндеуден өтуі жоспарлануда.

#### **Көріктендіру, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары**

2019 жылы қала және ауылдарда 20535 түп ағаш егілген.

Абаттандыру жұмыстарына 270,9 млн.теңге бөлініп, оның ішінде: «Жастар» саябағын күрделі жөндеуге 160,0 млн. теңге, ал көпқабатты тұрғын үйлердің ауласына балалар ойын алаңшалары мен және спорт алаңшаларын орнатуға 110,9 млн. теңге қаржы бөлініп, толығымен игерілген.

Кентау қаласы бойынша көше жарықтарын жүргізу - мақсатында 2019 жылы 18,8 млн. теңге бөлініп, қала ішіндегі барлық көпқабатты тұрғын үйлерге 616 дана прожекторлар орнатылған. Қала ішіндегі жарықтандырылмаған көшелерге 15,6 млн. теңге бөлініп 215 дана жарық шамы орнатылған. Сонымен қатар көшелерді орташа жөндеу барысында орталық саналатын 7 көшеде көше жарық нүктелері жаңартылған. 2019 жылы 22 көше жарықтандырылды. 2020 жылы 37 көше жарықтандырылады.

#### **Табиғи газбен қамтамасыз ету**

Кентау қаласын табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында жалпы құны 1715,9 млн.теңге қаржы қаралып тиісті жұмыстар атқарылған.

Кентау қаласына қарасты ауылдарды газбен қамтамасыз ету мақсатындағы құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізіліп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

#### **Автокөлік жолдары**



Жалпы қала көлеміндегі автомобиль жолдарының ұзындығы – 1560,29 шақырымды құрайды. Оның ішінде қанағаттанарлық жағдайда – 679,31 шк (43,5%).

2019 жылға жол жөндеу жұмыстарына жалпы 1,2 млрд. теңге қаралып, орталықтағы 10 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 3 нысан пайдалануға тапсырылған. Қалған 7 көшенің жөндеу жұмыстарын 2020 жылдың тамыз айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. 6 ауылдық округ бойынша 6 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Ағымдағы жылы жоғарыда аталған 7 көшенің жөндеу жұмыстарымен қатар, мемлекеттік-жекешелік серіктестік аясында 48 көшенің орташа, 3 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және 11 бағдаршам нысанын орналастыру жоспарланған.

2019 жылы Түркістан-Балтакөл бағытындағы облыстық маңызы бар 45 шақырым жолдың 26 шақырымында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, нысанды 2020 жылы пайдалануға беру қарастырылуда.

Ағымдағы жылы аталған жолдың Түркістан-Теке ауылы аралығындағы 19 шақырымына, С.Қожанов елді мекенінен бастау алып, Нұртас-Шорнақ-Бабайқорған бағытына қатынайтын 41 шақырым жолды орташа жөндеу жұмыстары және Шолаққорған-Кентау бағытындағы автомобиль жолының Ойық-Күшата аралығындағы 33 шақырымына күрделі жөндеу жұмыстары бастау алады.

#### **2020 жыл**

##### **Кірістер**

Есепті жылы қала бюджетінің кіріс бөлігі 52,6 млрд. теңгеге орындалып, 100,1%-ды құраған. Өзіндік кірістер 2,4 млрд.теңге болып, бюджетке 74,2 млн.теңге артық түсті (103,2%).

##### **Шығыстар**

Бюджеттің шығыс бөлігі жоспардағы 52,9 млрд. теңгенің игерілуі 99,9% құрады. Жалпы өнім көлемі жылдың қорытындысымен 129,2 млрд.теңгеге жетіп, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 123,5% артқан.(2019 жылы 104,6 млрд.теңге).

Экономикаға тартылған инвестиция көлемі 2019 жылы 24,5 млрд.теңге болса, 2020 жылы 57,2 млрд.теңгеге жеткен.

##### **Өнеркәсіп саласы**

Кентауда жалпы 3 ірі, 27 орта және шағын кәсіпорындар бар. Өткен жылы өнеркәсіп кәсіпорындары – 36,8 млрд. теңгенің өнімін өндірісе, 2019 жылы 28,8 млрд.теңге.

2015-2020 жылдарға **өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасы** аясында жалпы құны – 22,1 млрд. теңгеге 9 жобаны жүзеге асыру көзделсе, бүгінге дейін оның 5-еуі орындалып отыр.

##### **Индустриалды аймақ**

Ал, индустриалды аймақта 4,6 млрд. тенгеге 10 жобаны іске асыру жоспарланған болатын. Оның **3-еуі** толық қуатылыққа шығып, 452,9 млн. тенгенің өнімін өндірген. 2021 жылы 5 жобаны іске қосып, 110 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

##### **Шағын және орта бизнес**

Кентауда жалпы жұмыс істеп тұрған 8484 шағын орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Олар былтыр 105,9 млрд.теңгенің өнімін өндіріп, қызметтер көрсеткен. Яғни, көрсеткіш салыстырмалы түрде 38,7 пайызға артып отыр.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» екінші бағыты шеңберінде «Ырыс» МҚҰ, «Яссы-несие» несиелік серіктестігі, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы және «Қарапайым заттар экономикасы» Мемлекеттік бағдарламасы арқылы 2 млрд. теңгеден астам қаржы 128 жобаны қаржыландыруға, 302 азаматтың бизнесін қолдау үшін мемлекеттік грантқа жұмсалған.

- «Ырыс» МҚҰ арқылы 250,6 млн.теңгеге 73 жоба,

- «Яссы-несие» несиелік серіктестігі арқылы 1,6 млрд.теңгеге 43 жобаға несиелендірілген.

- «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 299 адам 166,1 млн. теңге грант алған.

«Бизнестің жол картасы 2020-2025» бағдарламасы аясында 2020 жылы 3 кәсіпкер 12 млн.теңге грант жеңіп алған.

«Қарапайым заттар экономикасы» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Кентау қаласы бойынша 12 жоба несиелендірілген.

#### **Ауыл шаруашылығы саласы**

Өткен жылдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 72,9 млрд. теңгеге жеткен.

Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында 12,1 млрд. теңге инвестиция тартылған.

#### **Жер қатынастары саласы**

2020 жылдың желтоқсан айында Түркістан облысы бойынша Кентау қаласында алғаш рет коммерциялық жер аукционы өткізілген. Коммерциялық жерді азаматтарға табыстау және жердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР Қаржы министрлігінің гос. реестр порталы арқылы Кентау қаласына қарасты 0,75 га жер (кадастрлық құны 6,2 млн. теңге) 48,3 млн теңгеге сатылып, қала бюджетіне 42,1 млн. теңге кіріс кірген.

#### **Әлеуметтік сала**

Қала бойынша халық саны 209 182 адам, экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 89 568 адам болса, жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ды құраған.

**Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек** 2 968 отбасы 15 927 адамға 1,1 млрд теңге төленген.

Атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 2795 отбасы тартылған.

Тұрғын үй көмегі 69 отбасыға 1,1 млн. теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілген.

Ауылдық жерлерде тұратын бюджеттік саланың 2497 маманына қатты отын сатып алу үшін 36,3 млн. теңге біржолғы көмек берілген.

Бағдарламаның үш бағыты аясында **6 608** жұмыссыз және нәтижесіз жұмыспен қамтылған азаматтар бағдарламаға тартыла отырып, тұрақты және уақытша жұмыстармен қамтылған.

## **Білім беру саласы**

Білім беру саласына 2020 жылы 24,3 млрд. теңге қаралған.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасынан 4116 (644 планшет, 503 компьютер, 2969 ноутбук) компьютерлік құрылғы алынып, мектептерге таратылған. ҚР «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жж арналған мемлекеттік бағдарламасының» талаптарына сәйкес, әрбір 10 оқушыға 1 компьютерден келеді (2020 жылға дейін 14-15 оқушыға 1 компьютерден келген).

Қала бойынша 1775 оқушы мектеп бітірсе, оның 1338-і (75,3%) ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырған. ҰБТ қорытындысының орташа көрсеткіші 71,7 баллды құраған.

123 оқушы «Алтын белгі», 128 оқушы «Үздік аттестат» және жоғары балл жинаған 1124 оқушы мемлекеттік грантқа ие болған.

Шәкірттердің сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау мақсатында жергілікті бюджеттен Әл-Фараби атындағы №14 жалпы орта мектебіне 301,9 млн. теңге қаралып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оранғай ауылындағы М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебіне «Ауыл Ел бесігі» бағдарламасымен және Шорнақ ауылындағы К.Рысбеков атындағы №5 мектеп-интернатына «Жол картасы» бағдарламасымен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

## **Жастар саясаты**

«Серпін» бағдарламасымен 96 кентаулық солтүстік өңірлерде білім алуда. Сондай-ақ, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 8 жас маман 2,2 млн.теңге көлемінде көтерме жәрдемақы алса, «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 40 жас жазғы уақытта қаланың көгалдануына үлесін қосқан. Ал, 116 жас «**Бизнестің жол картасы 2020**» бағдарламасына онлайн тіркеліп, нәтижесінде 80 жас өз ісін бастауға 555 600 теңгеден мемлекеттік қайтарымсыз грант алған.

## **Денсаулық сақтау саласы**

Ағымдағы жылы 4129 (2019 жылы -3601 нәресте) нәресте дүниеге келіп, табиғи өсім 20,1% құраған.

Кентау аумағында пандемия кезінде COVID-19 індетін 546 адам жұқтырса, 5 азамат көз жұмған. Ал, пневмониямен 2182 азамат ауырып, 83 жан бақилық болған.

Пневмония сырқатын емдеу мақсатында қосымша 25.06.2020-01.08.2020 жж аралығында күндізгі бөлім ашылып 240 пациент ем қабылдап шыққан. Маусым айында 500 ауысымдық **жаңа емхана** ғимараты берілген. Сондай-ақ, тамыз айында жедел жәрдем бөліміне 7 медициналық автотранспорт және қалалық емханаға жылжымалы медициналық кешен қараша айында берілген.

Қалалық аурухананың А блогында 150 төсек орындық **провизорлық госпиталь** жасақталған. Орталықтандырылған оттегілік нүктелер (кислородные точки) жүргізіліп жалпы саны 150 нүктеге жеткен. Қосымша 48 оттегілік концентратормен толыққан.

Кентау қаласындағы дәріханалармен дәрілік заттардың өткізілуі мен шекті бағаның сақталуын реттеу жөнінде жалпы саны 22 меморандум түзіліп, бақылауға алынған.

2020 жылы мобильді топ мүшелерімен 560 нысанға рейдтік іс-шара жүргізіліп, санитарлық талаптарды сақтамаған 220 нысан иесіне хаттама толтырылған.

Пандемия кезінде кентаулық кәсіпкерлер мұқтаж азаматтарға көптеген түрлі көмектерін көрсеткен.

Қазіргі таңда COVID-19 пандемиясына қарсы 50 дана вакцина келіп, оның 40-ы егіліп, 10 данасы алдағы уақытта егілетін болады.

### **Құрылыс және сәулет саласы**

Құрылыс жұмыстарының көлемі 11,5 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 117,5% құраған. Жалпы алаңы 79402 шаршы метр жеке тұрғын үй пайдалануға берілген.

Сондай-ақ, өткен жылы 5 қабатты 60 пәтерлі 10 көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары аяқталып, ағымдағы жылдың наурыз айында беру жоспарлануда.

2021 жылы 5 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды. 2021-2022 жылдары қосымша 10 көпқабатты тұрғын үй салу жоспарлануда.

Қаратау ықшам ауданында су және электр желілері тартылып, жұмыстар жүргізілуде. Аталған ықшам ауданның кәріз және асфальт төсеу жұмыстарын қажетті қаражат қарастырылған жағдайда 2021-2022 жылдары жүргізу жоспарлануда.

### **Коммуналдық сала**

Кентау қаласының тұтынушыларын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Мырғалымсай су аңғарында сағатына 1200 м<sup>3</sup> су шығарады. Байылдыр су аңғарында 210м<sup>3</sup>/ сағатына су шығаратын 4 дана ЭЦВ12 сорғылары орнатылған, 1 данасы резервте.

Ескі Иқан ауылдық округіне қарасты Достық елді мекенінде, Қарашық ауылдық округіне қарасты Құмтиын елді мекенінде ұнғыма қазу жұмыстары жүргізілуде.

Достық, Аша, Бершінтөбе, Шойтөбе елді мекендерінде ЭЦВ су сорғы насостары ауыстырылған.

Үлгілі, Қарашық, Жүйнек, Қызылжол, Достық, Құмтүйін, Майдантал, Ынтымақ елді мекендерінде екінші көтеру стансаларындағы насостары ауыстырылған.«Кентау Сервис» және «Ащысайсу» МКК-ы штаттық режимде жұмыс атқаруда.

### **Жарықтандыру**

Қала көшелерін жарықтандыру мақсатында 2020 жылы мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында 1300 жарықшам орнатылған. Сондай-ақ, қаладағы жарықтандырылмаған 20 мүйістерге 160 дана жарықшам қойылған.

### **Табиғи газбен қамтамасыз ету**

**№16 «Ескі-Иқан»** АГТС Қысыммен тексеру жұмыстары жасалынып, Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті мамандары қабылдаған. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ мен магистралдық құбырға қосылу және толтыру, техникалық қадағалауға келісім шарт түзілген, №16 «Ескі Иқан» АГРС қосылған. Қазіргі таңда Ескі Иқан елді мекені және Халықаралық әуежай нысандарын табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында тиісті жұмыстар атқарылуда.

**№14 «Қызыләскер» АГТС-ті 2020 жылы қосу жоспарланған болатын.** Алайда, «Интергаз Орталық Азия» АҚ мамандары тарапынан тексеру жұмыстары жүргізіліп, анықталған кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілген. Жоғарғы желіні гидравликалық тексеру барысында 3 жерден газ құбыры жарылып, аталған ақау бойынша мердігер тарапынан қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Аталған кемшіліктерді қалпына келтіру жұмыстары 2021 жылдың қаңтар айында аяқтау жоспарланған. №14 АГТС толыққанды іске қосу 2021 жылдың сәуір айына жоспарланған.

#### **Абаттандыру**

Ынтымақ алаңына проекциялық су бұрқағы, ағаштарды RGB проекторлары арқылы жарық шамдарымен безендіру және программаланған сәулет-динамикалық жарықтарды орнату жұмыстары жүргізілген. Ал, Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайының алдына LED-экран орнатылса, С.Қожанов атындағы саябақта түнгі светодиоды жарық шамдары қойылған. Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерекесіне орай, Абай ескерткіші ашылған.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын назарға ала отырып, ағымдағы жылдың тамыз айында Абай көшесі бойынан «Мұғалімдер аллеясы» ашылған.

341 көпқабатты тұрғын үйге қарасты аулалар қоғамдық жұмысшылар арқылы күнделікті тазалануда.

#### **Автокөлік жолдары**

2019 жылдан 2020 жылға өтпелі ұзындығы 4,3 шақырым 2 көшені (А.Яссауи даңғылы, Б.Момышұлы көшесі) жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған. Алтынсарин және Абылайхан көшелерінің орташа жөндеу жұмыстары басталып, лотоктары мен бордюрлері қойылды, асфальт төселген. Эль-Фараби көшесінің орташа жөндеу жұмыстары басталып, жұмыстар атқарылуда. Нысандар 2021 жылға өтпелі. Республикалық бюджет қаржысына қаладағы 9 көшеге мердігер «Тас- Жол» ЖШС-сі орташа жөндеу жұмыстарын жүргізген. 2020 жылы «VIP Stroy Company» ЖШС –і Кентау қаласының 11-көшесіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді және 35 көшеге орташа жөндеу асфальт төсеу жұмыстары жүргізілген.

Кентау қаласындағы 52 орамдағы 11 көшенің орташа жөндеу жұмыстарының 70% -ы атқарылған. Нысан 2021 жылға өтпелі. Сондай-ақ, Ерназаров, Науаи, Әуезов көшелерінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңға жөндеу жұмыстарының 70% аяқталған. Нысан 2021 жылға өтпелі. Ораңғай ауылдық округінде 11 көшеге, Шаға ауылдық округінде -16 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 6 көшеге жарықтандыру жұмыстары аяқталған, 3 көшеге аяқ жол жұмыстары жүргізілген. Хантағы ауылындағы Рысқұлбеков көшесі, Ащысай ауылындағы Ақхожаев көшесі, Шорнақ ауылдық округіндегі А.Байтұрсынов көшесі, Ескі Иқан ауыл округіндегі Түркістан көшесі, Жаңа Иқан ауыл округіндегі №1 көшесі, Жібек жолы ауыл округіндегі Исабеков көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

**Осы аудиторлық іс-шарамен** жалпы 69 906 502,5 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 24 310 030,1 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 01.10.-31.12.2019 жыл кезеңі бойынша 14 334 445,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 7 589 358,1 мың теңге*), 2020 жыл кезеңі бойынша 47 844 251,5 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 12 540 827,0 мың теңге*), 2021 жылдың 9-айы тексеру кезеңіне 7 727 806,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 4 179 845,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 40 объектінің ішінде 21-де қаржылық бұзушылықтар, 1 мекемеде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығы қамтамасыз етілмеген, 34 объектіде 114 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **1 043 644,7 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

-Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **1 063,9 мың теңге**;

-Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **1 035 912,4 мың теңге**;

-Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету **-6 668,4 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **1 043 644,7 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 1 035 912,4 мың теңге, өтелуге жататыны 1 063,9 мың теңге, салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету бойынша 6 668,4 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **1 043 644,7 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген (*оның ішінде 1 035 932,4 мың теңге қалпына келтірілген болса, 1 063,9 мың теңгесі өтелді, 6 668,4 мың теңге салық заңнамасына сәйкес бет есептері ретке келтірілді*).

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 114 бірлік бұзушылық фактілері 34 объектіде орын алған.**

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

**I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 14 мекемеде 1 063,9 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:**

**1. Айлық жалақыны дұрыс есептемеу және төлеу барысында 2 мекемеде 31,0 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:**

- Кентау қаласы әкімдігінің «Хантағы ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 14,5 мың теңге;

-«Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 16,5 мың теңге.

**2. Қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 7 мекемеде 214,4 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған. Оның ішінде:**

-Сауран ауданы әкімдігінің «Қарашық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 37,5 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Бабайқорған ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 20,3 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 5,3 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Үшқайық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 16,4 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек Жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 5,8 мың теңге;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық денешынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 76,1 мың теңге;

-«Кентау қаласы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 53,0 мың теңге;

**3.** Атаулы әлеуметтік көмек және қоғамдық жұмыстың дұрыс тағайындалуы мен төленуі бойынша **2** мекемеде **133,7 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған.

- «Кентау қаласы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 67,4 мың теңге;

-«Кентау қалалық халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 66,3 мың теңге.

**4.** Техникалық қадағалаушы қызмет ақысы қосымша күн салығымен 1 мекемеде 29,5 мың теңге сметалық пайда есептелген, 3 мекемеде сметалық пайда есептеліп 655,3 мың теңгеге қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:

-Сауран ауданы әкімдігінің «Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 29,5 мың теңге;

-Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша 532,6 мың теңге;

-Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша 50,7 мың теңге;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 72,0 мың теңге.

*Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 30.10.2017 жылғы № 687 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу» қағидасының 7 тармағының, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 103-бабының 1-тармағының талаптары;*

*ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидасының» 3-тармағы 1, 2,3 -тармақшаларының және 4-тармағы 2-тармақшасының талаптары;*

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығымен бекітілген (27.09.2019 жылғы мұрағаттық версиядағы) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларының» 35 тармақтың, 36-1 тармақтың талаптары;*

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген «Орташа*

жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларының» 7 тармағының талаптары сақталмаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 654-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабының 1-тармағы талаптары,

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет кодексі 97 бабы 6 тармағының талаптары сақталмаған,

«Құрылыстағы база белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы №249-нқ бұйрығының 1-қосымшасының 61,62 тармағының және 2-қосымшасының 19 тармағының талаптары орындалмаған.

**II. 10 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 1 035 912,4 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**

-Кентау қаласы әкімдігінің «Қарнақ ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 612,0 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 157,1 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Ораңғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 24,0 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 361 115,8 мың теңге;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 375,2 мың теңге;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 882,7 мың теңге;

-«Кентау қаласы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 24 146,4 мың теңге;

-«Кентау қалалық халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 15 000,0 мың теңге;

-Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша 1 955,6 мың теңге;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 628 643,6 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 15, 18, 43, 236, 243, 245, 247, 248, 250, 272 тармақтарының;

ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының» 27 тармағының,



*Қазақстан Республикасының 04.10.2008 жылғы №95-IV Бюджет кодексінің 116-бабы 1-4-тармақтарының,*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарының» 16 тармағының талаптары сақталмаған.*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 27 -тармағының талаптары бұзылған.*

**III. Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етілмеуінен -6 668,4 мың теңге анықталған.**

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 114 бірлік бұзушылық фактілері 34 объектіде орын алған. Оның ішінде:**

**1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 65 бірлік 21 мекемеде анықталған:**

«Кентау қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 5 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Ащысай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-«Сауран ауданы Оранғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-«Сауран ауданы Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

-«Сауран ауданы Жаңа-Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-«Сауран ауданы Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-«Сауран ауданы Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

-«Сауран ауданы Жібек Жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 5 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-«Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша 1 бірлік;

-Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 4 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 6 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік;

-«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі бойынша 14 бірлік.

**2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 49 бірлік 25 мекемеде анықталған:**

-Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

- Кентау қаласы әкімдігінің «Хантағы ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Қарнақ ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Ащысай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -4 бірлік;

-«Сауран ауданы Оранғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -3 бірлік;

- «Сауран ауданы Иассы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-«Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

- Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек Жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық Б.Саттарханов атындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша -1 бірлік;

-Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша -3 бірлік;

-Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №4 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша -4 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-«Кентау қаласы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-«Кентау қалалық халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша -3 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бойынша -2 бірлік;

-Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекеме бойынша -3 бірлік;

- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша -3 бірлік;

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)**

2019 жылға арналған Кентау қаласының бюджеті, қалалық мәслихаттың 2018 жылғы 25 желтоқсандағы «2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» № 225 санды шешімімен бюджеттің кірісі 24 903 434,0 мың теңге көлемінде бекітілген. Бюджеттің атқарылуы барысында 6 рет мәслихат шешімімен нақтыланып, 12 рет қала әкімдігінің қаулыларымен түзетулер нәтижесінде қала бюджетінің шығыс бөлігі 39 830 788,0 мың теңгені құраған. Республикалық және облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатын ресми трансферттерден түсетін түсімдер бойынша анықталған жоспар 37 687 932,0 мың теңге түсіп 100 пайызға орындалған.

2019 жылға өзіндік кіріс көздерінің шоғырланған бюджеттің нақтыланған жоспары 2 267 383,0 мың теңгені құраса, нақты түскені 2 381 706,7 мың теңге. Жоспар 105 пайызға орындалып 114 323,7 мың теңгеге артық түскен.

Жергілікті бюджеттің 4-ші деңгейі бойынша жоспар 124 964,0 мың теңгені құраса, нақты 150 414,5 мың теңге түсіп 120,4 пайызға орындалған, 25 450,5 мың теңге артық түскен. Белгіленген жоспар салықтық жоспарының 4 түрінен артық орындалған Олар: Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша- 815,0 мың теңгеге; жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салығынан 422,2 мың теңге, жер салығынан 1 090,4 мың теңге, көлік салығынан 23 701,7 мың теңге артық орындалған.

Бюджет 40 055 851,0 мың теңге болса, кассалық орындалғаны 39 695 057,7 мың теңгені құрап 99,1 пайызға немесе 360 793,3 мың теңгеге кем орындалған. Оның ішінде *субъективті себептерімен:*

Аудандық бюджет есебі бойынша 54 090,0 мың теңге:

- 124 011 015 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 23 144,6 мың теңге Орталық саябақты жөндеу бойынша жұмыс көлемінің болмауына байланысты,

- 451 001 015 «Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 350,0 мың теңге компьютер сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу порталында келісімшартқа тұрмауына байланысты;

- 451 017 000 «Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну» бюджеттік бағдарламасы бойынша 21 571,6 мың теңге гигиеналық құралдарды сатып алу бойынша;

- 464 003 015 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 918,0 мың теңге №5 Қ.Рысбеков атындағы мектеп-интернатының жылу жүйелерін ағымдағы жөндеу бойынша;

- 473 001 015 «Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 536,3 мың теңге ветеринариялық нысандарға жер актілерінің әзірленбеуіне байланысты;

- 473 003 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 667,0 мың теңге инсенератор (ауру малдарды өртейтін пеш) сатып алудан мердігер тарапынан тауар жеткізілмеуіне байланысты,

- 487 017 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1250,0 мың теңге санитариялық қызметтерді қамтамасыз ету жұмыстары бойынша мердігердің реквизиттері дұрыс болмауынан,

-487 038 015 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 516,0 мың теңге Құсшы ата елді мекенін газбен қамтамасыз ету

жұмыстарын сараптамадан өткізу бойынша және 138,3 мың теңге Кентау (Бүргем) қаласын газбен қамтамасыз ету (1 этап) авторлық қадағалау қызметі бойынша порталдан қате шығуына байланысты игерілмеген қаржы.

Объективті себептерімен игерілмеген қаржы 306 703,3 мың теңге:

Оның ішінде "Ұлттық қордан" бөлінген трансферттер есебінен 299 285,0 мың теңге оның ішінде: 129 100,0 мың теңге қысқа мерзімді оқу және 170 185,0 мың теңге грант беруге қаралған қаржы.

республикалық бюджет есебі бойынша мекемелердің нақты шығыстары есебінен үнемделген немесе мемлекеттік сатып алу мен айлық жалақылардың есебінен игерілмеген қаржы 1 597,0 мың теңге;

Облыстық бюджет есебі бойынша 2 694,4 мың теңге Ораңғай, Қарашық елді мекендерін газдандыру бойынша ЖСҚ-дан 2 400,0 мың теңге, 283,4 мың теңге шаға елді мекенін газдандыру бойынша мемлекеттік сатып алудан үнемделген, 11,0 мың теңге аппарат шығындарынан үнемделген қаржы.

Жергілікті бюджеттен игерілмеген қаржы 3 126,9 мың теңге, оның ішінде: 1 692,0 мың теңге автовокзал жолдарын орташа жөндеу жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алудан үнемделген, Кентау қаласының жол белгілерін орнатудан 665,2 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген, 769,7 мың теңге айлық жалақы және басқа шығындар бойынша үнемделген қаржы.

2019 жыл басындағы қалдық 86 232,2 мың теңгені құраған.

2019 жылғы нақтыланған аудандық бюджеттің орындалуы барысында 2020 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша аудандық бюджеттің кассалық бақылау шотында бос қалдық 476 382,3 мың теңгені құраған.

Кентау қаласы экономика және қаржы бөлімінің 2020 жылдың 1 қаңтарына түзген есебіне сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшілерінде дебиторлық берешектер 1 711,0 мың теңге және 679 086,7 мың теңге кредиторлық берешектер қалыптасқан. 2018 жылмен салыстырғанда дебиторлық қарыз 1 007,1 мың теңгеге кеміген, кредиторлық берешектер 675 733,9 мың теңгеге артқан.

2019 жылы жалпы бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен тапсырылған жылдық есептіліктер бойынша дебиторлық берешек 1 711,0 мың теңгені құраған, атап айтқанда:

Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты бойынша 695,4 мың теңге.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты бойынша 320,4 мың теңге.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша 317,4 мың теңге.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі бойынша 2,3 мың теңге.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі бойынша 54,3 мың теңге.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі бойынша 270,2 мың теңге.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі бойынша 3,3 мың теңге.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша 47,7 мың теңге.

2) Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалар бойынша тапсырылған жылдық есебі бойынша жалпы кредиторлық берешегі 679 086,7 мың теңгені құраған деп көрсетілген, оның ішінде кіші бағдарламалар бойынша:

Байылдыр ауылы әкімінің аппараты бойынша байланыс қызметіне 1,9 мың теңге қарыз пайда болған.

Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты бойынша электр энергиясына 45,6 мың теңге қарыз пайда болған.

Хантағы ауылы әкімінің аппараты бойынша 255,2 мың теңге өзге де қызметтермен жұмыстардан пайда болған қарыз.

Бабайқорған ауылдық округ әкімінің аппараты бойынша 32,7 мың теңге өзге де қызметтермен жұмыстардан пайда болған қарыз.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша жалпы 675 460,0 мың теңге оның ішінде: электр энергиясына 5,0 мың теңге, Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алу бойынша 1 212,0 мың теңге, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 2964 отбасыға 674 243,0 мың теңге қарыз пайда болған.

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша 61,8 мың теңге өзге де қызметтермен жұмыстардан пайда болған қарыз.

Қалалық білім бөлімі бойынша жалпы 3 154,9 мың теңге, оның ішінде мектептердің электр энергиясына 1 740,0 мың теңге, 370,9 мың теңге байланыс қызметіне, 918,0 мың теңге жылу жүйелеріне, 126,0 мың теңге қызметкерлердің және өзге де есепті тұлғалардың алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек қарыз пайда болған.

Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі бойынша жалпы 74,6 мың теңге, оның ішінде: бөлім бойынша жылу энергиясына 31,0 мың теңге, байланыс қызметіне 1,7 мың теңге кредиторлық қарыз пайда болған. Спорт мектептері бойынша жалпы 41,9 мың теңге, оның ішінде: футбол мектебі бойынша жылу энергиясына 41,9 мың теңге.

2020 жылға арналған Кентау қаласының бюджеті, қалалық мәслихаттың 2019 жылғы 23 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» № 328 шешімімен бюджеттің кірісі бойынша 39 896 045,0 мың теңге көлемінде бекітілген. Бюджеттің атқарылуы барысында 6 рет мәслихат шешімімен нақтыланып, 22 рет қала әкімдігінің қаулыларымен түзетулер нәтижесінде қала бюджетінің шығыс бөлігі 52 858 452,0 мың теңгені құраған. Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджеттен ауытқу жалпы 12 962 407,0 мың теңге.

Республикалық және облыстық бюджеттер есебінен қаржыландырылатын ресми трансферттерден түсетін түсімдер бойынша жоспар 40 093 139,0 мың теңгені құрап, нақты түскені 40 093 139,0 мың теңге, яғни 100 пайызға орындалған.

2020 жылға өзіндік кіріс көздерінің шоғырланған бюджеттің нақтыланған жоспары 2 311 214,0 мың теңгені құраса, нақты түскені 2 385 454,2 мың теңге. Жоспар 103,2 пайызға орындалып, 74 240,2 мың теңге артық түскен. Оның ішінде:

Салықтық түсімдері 2 102 070,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 2 050 554,8 мың теңге 97,5%-ға немесе 51 515,2 мың теңгеге кем орындаған.

Салықтық емес түсімдер 59 866,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 127 527,5 мың теңге 213,0 %-ға немесе 67 661,5 мың теңгеге артық орындалған.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 149 278,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 207 371,9 мың теңге 138,9 %-ға немесе 58 093,9 мың теңгеге артық орындалған.

Жергілікті бюджеттің 4 деңгейі бойынша жоспар 120 749,0 мың теңгені құраса, нақты 202 362,5 мың теңге түскен, яғни 167,6 пайызға орындалып, 81 613,5 мың теңге артық түскен.

2020 жылға арналған аудандық бюджеттің шығысы бойынша бюджетке Қазақстан Республикасының бюджет кодексінің 106 және 109 баптарына сәйкес 6 рет толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, нақтыланған. Бюджет 52 985 593,0 мың теңге болса, кассалық орындалғаны 52 948 060,2 мың теңгені құрап, 99,9 пайызға немесе 37 532,8 мың теңгеге кем орындалған. Оның ішінде *субъективті себептерімен*:

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі бойынша 478,6 мың теңге. Оның ішінде республикалық бюджет есебінен 167,0 мың теңге:

- 464 003 011 «Жалпы білім беру» бағдарламасынан 167,0 мың теңгесі №12 мектеп бойынша (процессор сатып алу) мердігер тарапынан тауар жеткізілмеуінен сот процесі жүргізілуіне байланысты;

Аудандық бюджет есебі бойынша 311,6 мың теңге:

- 124 001 015 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 41,5 мың теңге коммуналдық қызметтерден, 85,6 мың теңге сатып алынатын тауарлар мен жұмыстар бойынша, 138,5 мың теңге қызметкерлердің іс-сапарға шықпауына байланысты,

- 124 002 015 «Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 46,0 мың теңге денсаулық сақтау ұйымына жеткізу қызметінен келісімшарт түзілмеуіне байланысты;

Объективті себептерімен игерілмеген қаржы 37 054,2 мың теңге:

Оның ішінде республикалық бюджет есебі бойынша 3 642,3 мың теңге тізім бойынша кепілдендірілген әлеуметтік пакет алушылардың санының толық болмауына байланысты және мекемелердің нақты шығыстары есебінен үнемделген немесе мемлекеттік сатып алу мен айлық жалақылардың есебінен игерілмеген қаржы 38,6 мың теңге;

Облыстық бюджет есебі бойынша 254,0 мың теңге Яссауи көшесін орташа жөндеуден, 30 812,6 мың теңге Кентау қаласынан Түркістан қаласының резервуарына дейін (I кезек, магистральдық су тартқыш) салу жұмыстары

бойынша Біресек-Сарбас магистралдық су тартқыш (дм 600 мм ) салуға мүмкіндік болмаған соң, учаскелердегі жұмыстарды жобадан алып тастау туралы шешім қабылданғандықтан, 560,0 мың теңге (II кезек, су алғыштар) техникалық қадағалау жұмыстарынан төмен баға ұсынуына байланысты, 207,8 мың теңге №14 АГТС газдандыру желілерін пайдалануды ұйымдастыру жұмыстарынан мемлекеттік сатып алудан, мекемелердің нақты шығыстары есебінен үнемделген немесе мемлекеттік сатып алу мен айлық жалақылардың есебінен игерілмеген қаржы 6,6 мың теңге;

Аудандық бюджет есебі бойынша мекемелердің нақты шығыстары есебінен үнемделген немесе мемлекеттік сатып алу мен айлық жалақылардың есебінен игерілмеген қаржы 1 532,3 мың теңге.

2020 жыл басындағы қалдық 476 382,3 мың теңгені құраған.

2020 жылғы нақтыланған аудандық бюджеттің орындалуы барысында 2021 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша аудандық бюджеттің кассалық бақылау шотында бос қалдық 117 570,7 мың теңгені құраған.

Кентау қаласы экономика және қаржы бөлімінің 2021 жылдың 1 қаңтарына түзген есебіне сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшілерінде дебиторлық берешектер 67 381,9 мың теңге және 230 918,0 мың теңге кредиторлық берешектер қалыптасқан. 2019 жылмен салыстырғанда дебиторлық қарыз 65 670,9 мың теңгеге артқан, кредиторлық берешектер 448 168,7 мың теңгеге кеміген.

**Даму бағдарламасының нақты қол жеткізілген, соның ішінде алдыңғы кезеңдер бойынша мақсаттарын, міндеттерін, нысаналы индикаторларын, іске асырылу нәтижелерінің көрсеткіштерін, сондай-ақ оларға қол жеткізілмеу себептерін талдау**

Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2019 жылы іске асыруға көзделген 43 нысаналы индикаторлар және 66 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер қарастырылған. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 39 (90,7%) нысаналы индикаторларға, 57 (86,3%) түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге нақты қол жеткізілген. 2019 жылдың қорытындысымен 4 нысаналы индикаторларға, 9 түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

***Орындалмаған нысаналы индикаторларды атап айтқанда:***

**Өнеркәсіп және кәсіпкерлік саласында** 17 нысаналы индикатор, 11 түпкілікті нәтиже көрсеткіштері жоспарланған. 2019 жылдың қорытындысымен салада 2 түпкілікті нәтиже көрсеткіштері жоспары орындалмады:

- Тамақ өнімдерін өндіру көлемі *жылдық жоспары* – 4800,0 млн. теңге, нақты орындалуы – 2735,5 млн. теңге, жоспар орындалмаған.

- Тамақ өнімдерін өндіру көлем индексі % *жылдық жоспары* – 104,0%, нақты орындалуы – 100,8%, жоспар орындалмаған.

**Денсаулық сақтау саласы** бойынша 1 нысаналы индикатор және 6 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер жоспарланған. 2019 жылдың қорытындысымен 2 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер орындалмаған.



- Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 100 мың тұрғынға шаққандағы саны *жылдық жоспары –109,7 бірлік*, нақты орындалуы –122,2 бірлік, жоспар орындалмаған.

**Қоғамдық және құқықтық тәртіп саласы** бойынша 1 нысаналы индикатор және 3 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер жоспарланған. 2019 жылдың қорытындысымен 3 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер орындалмаған.

- Жол – көлік оқиғаларынан қайтыс болғандар санын төмендету (100 зардап көргенге шаққанда) *жылдық жоспары –16,0 бірлік*, нақты орындалуы –38,5 бірлік, жоспар орындалмаған.

- Жасөспірімдермен жасалған қылмыстардың үлес салмағы жылдық жоспары – 2,3%, нақты орындалуы – 5,0%, жоспар орындалмаған.

- Бұрын сотты болғандармен жасалған қылмыстардың үлес салмағы *жылдық жоспары – 5,3%*, нақты орындалуы – 10,7%, жоспар орындалмаған.

**Жолдар мен көлік саласы** бойынша 1 нысаналы индикатор және 1 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер жоспарланған. 2019 жылдың қорытындысымен 1 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер орындалмаған.

- Аудандық/қалалық маңызы бар автомобиль жолдарына күрделі және орташа жөндеу жүргізу *жылдық жоспары – 2 шқ*, нақты жоспар орындалмаған.

**Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласы** бойынша 6 нысаналы индикатор және 5 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер жоспарланған. 2019 жылдың қорытындысымен 1 нысаналы индикатор және 1 түпкілікті нәтижелі көрсеткіштер орындалмаған.

- Орталықтандырылған сумен жабдықтауға қосылған барлық елді-мекендер саны *жылдық жоспары –39 бірлік*, нақты орындалуы –38 бірлік, жоспар орындалмаған.

- Аудан тұрғындарынан қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтерден қамту *жылдық жоспары – 100%*, нақты орындалуы – 90%, жоспар орындалмаған.

Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы туралы» Кентау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 қаңтардағы 2 №50-№285 шешіміне Кентау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №409 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2020 жылы іске асыруға көзделген 38 нысаналы индикаторлар және 62 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер қарастырылған. Оның ішінде 2020 жылға жоспарланған 38 нысаналы индикатордың 32-і немесе 84,2% орындалды, 62 нәтиже көрсеткіштің 51-і немесе 82,3% орындалып, 6 нысаналы индикаторлар және 11 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер орындалмаған.

### **Орындалмаған нысаналы индикаторлар:**

#### **Кәсіпкерлік саласы бойынша:**

1. Өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі 2020 жылға жоспар 105,4% болса, нақты орындалғаны 105,1% құраған, көрсеткіш орындалмаған. Орындалмау себебі: Өнеркәсіп саласындағы машина жасау, қағаз және қағаздан

жасалынған өнімдер өндіру саласының нақты көлем индексінің төмен болуынан жоспар орындалмаған.

2. Бөлшек сауданың нақты көлем индексі 2020 жылға жоспар 103,5% болса, нақты орындалғаны 98,3% құраған, көрсеткіш орындалмаған. Орындалмау себебі: Елдегі қалыптасқан карантин режиміне және 2020 жылдың тамыз айынан бастап «Нұрлығайын», «Береке» базарларын қайта құру жұмыстарының жүргізілуіне байланысты сауда саттық көлемі азайған.

#### **Мәдениет саласы бойынша:**

3. Аудан/қалада өткізілген әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар саны, жылдық жоспары- 1500 бірлік, орындалуы- 1059 бірлік.

Орындалмау себебі: елдегі қалыптасқан карантин режиміне байланысты наурыз-тамыз айларында мәдениет мекемелері халыққа қызмет көрсетуін тоқтатты, іс-шаралар онлайн форматта өткізілді.

#### **Қоғамдық және құқықтық тәртіп бойынша:**

4. Көшелерде жасалған қылмыстардың үлес салмағы жылдық жоспары- 22,4%, орындалуы- 23,8%.

Орындалмау себебі: көшелерде жасалынған қылмыстардың санының артуына байланысты жоспар орындалмады. (2020 жылы көшелерде жасалынған қылмыстардың жалпы саны -100)

#### **Жолдар мен көлік саласы бойынша :**

5. Жақсы және қанағаттанарлық күйдегі аудандық/қалалық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі%, жылдық жоспары- 85,8 %, орындалуы- 69,7%. Орындалмау себебі: 2020 жылы аудандық/қалалық маңызы бар автомобиль жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бюджет қаржысының толық бөлінбеуіне байланысты, жөндеу жұмыстары 2021 жылға өтпелі болды.

#### **Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласы бойынша:**

6. Орталықтандырылған сумен жабдықтауға қосылған барлық елді-мекендер саны, бірлік- , жылдық жоспары- 40 бірлік, орындалуы- 38 бірлік. Орындалмау себебі: Ойық және Егізқара елді мекендерін сумен жабдықтау бойынша қаржының бөлінбеуіне байланысты жоспар орындалмады.

#### **Орындалмаған түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Кәсіпкерлік саласы бойынша:**

1. Қағаз және қағаздан жасалған өнімдер өндіру 2020 жылға жоспар 106,0% болса, нақты орындалғаны 100,0% құраған, көрсеткіш орындалмаған. Орындалмау себебі: «Еркін и К ХХІ» ЖШС-нің елдегі қалыптасқан карантин режиміне байланысты тапсырыстың болмауынан 2020 жылдың 1 сәуірінен 4 айға дейін кәсіпорындағы барлық қызметкерлер жалақы сақталмайтын демалысқа жіберіліп, заттай өнім шығаруы төмендеген.

2. Машина жасау нақты көлем индексі 2020 жылға жоспар 106,5% болса, нақты орындалғаны 87,7% құраған, көрсеткіш орындалмаған. Орындалмау себебі: Кентау қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының 15.06.2020 №19 қаулысы бойынша "Кентау трансформатор зауыты" АҚ-на карантин режимін енгізуге байланысты

және елдегі қалыптасқан карантинге байланысты шетелден келетін трансформаторларға қажетті қосалқы бөлшектердің уақытылы жеткізілмегендіктен өнімнің заттай түрде шығаруы төмендеген.

#### **Агроөнеркәсіп кешені бойынша:**

3. Мал шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі 2020 жылға жоспар 103,8% болса, нақты орындалғаны 102,8% құраған, көрсеткіш орындалмаған. Орындалмау себебі: төрт түлік малдарына салынатын құлақ жапсырмаларының(сырға)2020 жылға келмеуіне байланысты жоспар орындалмады.

#### **Білім беру саласы бойынша:**

4. Халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың (ғылыми жобалардың), ғылыми жарыстардың жеңімпаздары болып табылатын оқушылар саны, жылдық жоспары - 13 адам, орындалуы– 12 адам.

Орындалмау себебі: елдегі қалыптасқан карантин режиміне байланысты олимпиаданың болмауына байланысты жоспар орындалмады.

#### **Денсаулық сақтау саласы бойынша:**

5. Аналар өлім-жітімі, 100 мың тірі туылғандарға шаққандағы саны, жылдық жоспары- 0 бірлік, орындалуы– 39,7 бірлік.

Орындалмау себебі: 2020 жылдың қорытындысымен 2 бірлік аналар өлімінің орын алуына байланысты жоспар орындалмады.

6. Балалар өлім-жітімі (0-ден 5 жасқа дейін) 1 мың тірі туылғандарға шаққандағы саны жылдық жоспары- 8,3 бірлік, орындалуы– 11,1 бірлік.

Орындалмау себебі: 0-5 жас аралығындағы балалар өлім-жетімінің абсолют санының артуына байланысты жоспар орындалмады. (2020 жылдың қорытындысымен 0-5 жас аралығындағы балалар өлім-жетімінің абсолют саны 56 адамды құрады).

7. Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 100 мың тұрғынға шаққандағы саны жылдық жоспары- 107,6 бірлік, орындалуы– 144,6 бірлік. Орындалмау себебі: қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімінің артуына байланысты жоспар орындалмады. (2020 жылдың қорытындысымен налымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімінің абсолют саны 299 адам)

#### **Мәдениет саласы бойынша:**

8. 1000 адамға шаққандағы кітапханаға келушілердің орташа саны, жылдық жоспар 234,8 адам, 2020 жылға нақты орындалғаны 99,4 адам.

Орындалмау себебі: елдегі қалыптасқан карантин режиміне сәйкес наурыз-тамыз айларында мәдениет мекемелері халыққа қызмет көрсетуін тоқтатуына байланысты жоспар орындалмады.

#### **Қоғамдық және құқықтық тәртіп бойынша:**

9. Жол – көлік оқиғаларынан қайтыс болғандар санын төмендету (100 зардап көргенге шаққанда) бірлік, жылдық жоспары- 16 бірлік, орындалуы– 22,1 бірлік. Орындалмау себебі: жол – көлік оқиғаларынан қайтыс болғандар санының артуына байланысты жоспар орындалмады. (2020 жылы жол көлік оқиғасы – 80, жол - көлік оқиғаларынан зардап көргендер - 95 азамат, қайтыс болғандары - 27 азамат)

10. Жасөспірімдермен жасалған қылмыстардың үлес салмағы %, жылдық

жоспары- 2,3%, орындалуы– 2,8%.

Орындалмау себебі: жасөспірімдермен жасалған қылмыстардың санының артуына байланысты жоспар орындалмады. (2020 жылы жасөспірімдермен жасалған қылмыс саны - 12).

11. Бұрын сотты болғандармен жасалған қылмыстардың үлес салмағы%, жылдық жоспары- 5,3 %, орындалуы– 10,5%. Орындалмау себебі: бұрын сотты болғандармен жасалған қылмыстардың санының артуына байланысты жоспар орындалмады. (2020 жылы жасөспірімдермен жасалған қылмыс саны - 12).

Кентау қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2021 жылы іске асыруға көзделген 34 нысаналы индикаторлар және 4 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер қарастырылған. 2021 жылдың 3 тоқсанның қорытындысы бойынша 28 (82,3%) нысаналы индикаторларға, 2 (50%) түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге нақты қол жеткізілген. 2021 жылдың 3 тоқсанның қорытындысымен 6 нысаналы индикаторларға, 2 түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

#### **Орындалмаған нысаналы индикаторлар:**

##### **Кәсіпкерлік саласы бойынша:**

1. Өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар – 20000 млн теңге, 9 айға нақты орындалғаны–19741,0 млн теңгені (2020 жылы 9 айда 90,6% немесе 1957,2 млн.теңге) құрады.

2.Өңдеу өнеркәсібінің негізі капиталына салынған инвестициялардың көлемі (НИ): 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар – 500,0 млн теңге, 9 айға нақты орындалғаны–321,8 млн теңгені құрады.

##### **Агроөнеркәсіп кешені бойынша:**

3.Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтердің) нақты көлемінің индексі: 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар –104,7%, 9 айға нақты орындалғаны– 100,0% құрады.

##### **Білім саласы бойынша:**

4. Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту: 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар –100%, 9 айға нақты орындалғаны – 97,8% құрады

5. Балаларды (1-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту (НИ): 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар –4,0%, 9 айға нақты орындалғаны – 4,5% құрады.

##### **Денсаулық сақтау саласы бойынша:**

6. Өлім-жітімнің стандартталған коэффициенті : 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар –4,0%, 9 айға нақты орындалғаны – 4,5% құрады. 2021 жылдың 9 айының қорытындысымен қайтыс болғандар саны 936 адамды құрады.

#### **Орындалмаған түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:**

##### **Агроөнеркәсіп кешені бойынша:**

1. Өсімдік шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі: 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар –104,1%, 9 айға нақты орындалғаны – 99,0% құрады.

2. Мал шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі: 2021 жылдың 3 тоқсанына жоспар –104,5%, 9 айға нақты орындалғаны – 101,2% құрады.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:**

Осы аталған аудиторлық іс-шарасы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша (14 материал), Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне (1 материал) әкімшілік шара көру үшін барлығы 15 материал жолданып, **аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында ішкі мемлекеттік аудит департаментінен 10 материал бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы** хабарланған. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бас маман бас есепші Тажиханов Зияитдин Бабахановичке әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 10.01.2022 жылғы № 10/16 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 17.01.2022 жылғы №02-38/80 санды жауап хатында жоғарыда аталған тармақпен мекеменің бас маман бас есепшісі Тажиханов Зияитдин Бабаханович (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі-Иқан ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бас маман Расулов Анваржан Маматсабировичке әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 10.01.2022 жылғы № 10/17 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 17.01.2022 жылғы №02-38/79 санды жауап хатында жоғарыда аталған тармақпен мекеменің бас маманы Расулов Анваржан Маматсабирович (76 575 теңге ) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

3. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Қарнақ ауылы әкімінің аппараты » мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғасына, бас маман есепші лауазымын атқарған Ирибаева Феруза Маннаповнаға әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 10.01.2022 жылғы №10/18 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 17.01.2022 жылғы №02-38/78 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238-бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен бас маман

есепші лауазымын атқарған Ирибаева Феруза Маннаповна (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

4. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылықтарға жауапты тұлғасына, яғни бас маман Джандарбаева Жанар Ергазыевнаға әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 12.01.2022 жылғы №10/231 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 17.01.2022 жылғы №02-38/77 санды жауап хатында, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238-бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен аталған мекеменің бас маманы есепші Джандарбаева Жанар Ергазыевна (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

5. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласы адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238-бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғасына, яғни мекеменің бухгалтерлік есептерімен мен есептіліктеріне жауапты маман-есепші лауазымын атқарған Премкулова Бахытгуль Молдабековнаға әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 12.01.2022 жылғы №10/232 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 17.01.2022 жылғы №02-38/76 санды жауап хатында ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласы адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің есепшісі Премкулова Бахытгуль Молдабековна (76 575 теңге) әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

6. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 20.01.2022 жылғы № 10/261 санды хатпен жолданған.

7. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, әкімшілік

шара көру үшін жинақталған құжаттар 20.01.2022 жылғы № 10/262 санды хатпен жолданған.

**8.** Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 20.01.2022 жылғы № 10/263 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 25.01.2022 жылғы №02-38/179 санды жауап хатында жоғарыда аталған тармақпен мекеменің бас инспектор –есепші қызметін атқарған Егембердиева Райхан Нурдиеновна әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

**9.** Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 20.01.2022 жылғы № 10/269 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 26.01.2022 жылғы №02-38/188 санды жауап хатында жоғарыда аталған тармақпен мекеменің есепшісі м.у.а. Шамсутдинов Меирхан Сейтханович әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

**10.** Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 20.01.2022 жылғы № 10/269 санды хатпен жолданған.

**11.** Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 20.01.2022 жылғы № 10/270 санды хатпен жолданған.

**12.** Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бас

маман Қожагелдиева Айтолқын Жеңісқызына әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 24.01.2022 жылғы № 10/276 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 03.02.2022 жылғы №02-38/299 санды жауап хатында жоғарыда аталған бабпен мекеменің бас маманы Қожагелдиева Айтолқын Жеңісқызы әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

**13.** Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бас маман есепші лауазымын атқарған Утегулова Элеонора Жолдыбековнаға әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 24.01.2022 жылғы № 10/277 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 03.02.2022 жылғы №02-38/301 санды жауап хатында жоғарыда аталған бабпен мекеменің бас маман-есепшісі Утегулова Элеонора Жолдыбековна әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

**14.** Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Кентау қалалық халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, мекеменің қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына есепші лауазымын атқарған Бейдиева Гүлсия Уразбековнаға әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 24.01.2022 жылғы № 10/278 санды хатпен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 27.01.2022 жылғы №02-38/193 санды жауап хатында жоғарыда аталған бабтың 1-тармақшасының 2-бөлігімен мекеменің есепшісі қызметін атқарған Бейдиева Гүлсия Уразбековна әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы хабарланған.

**15.** Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне Кентау қаласы әкімдігінің «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамасын бұзу фактілері анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 276 бабына сәйкес бұзушылықтарға жол берген коммерциялық емес ұйымға әкімшілік шара көру үшін тиісті құжаттар 20.01.2022 жылғы №10/268 санды хатпен жолданды.

Аудиторлық іс-шара барысында барлығы 14 жауапты лауазымды тұлғаларға және аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында 14 жауапты тұлғаларға **барлығы 28 жауапты лауазымды тұлғаларға** тәртіптік шара қолданылды. Атап айтқанда:

**1. Кентау қаласы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі** бойынша мемлекеттік аудит барысында 2882,7 мың теңге құрайтын қаржылық



бұзушылықтар анықталып, Аудиторлық іс шара жүргізу барысында бастапқы құжаттарға сәйкес амортизация есептеліп, барлығы 2882,7 мың теңгеге бухгалтерлік жазбалар жасалып, 20.12.2021 жылғы №1 бухгалтерлік анықтамамен қалпына келтірілген. Анықтама 2021 жылдың желтоқсан айында 28 мемориалдық ордерде рәсімделді.

Аудит жүргізу барысында бас инспектор-есепші Егембердиева Райхан Нурдиеновнаның қала әкімінің 2020 жылдың 30 қыркүйектегі №498 өкімімен өз қалауы бойынша жұмыстан босатылуына байланысты шара көрілмеген.

**2. Кентау қаласы әкімдігінің «Хантағы ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудит барысында анықталған 14,5 мың теңге қаржылық бұзушылық 03.11.2021 жылғы №0026, 0027, 0028, 0029 түбіртектер негізінде бюджетке қайтарылды.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында «Хантағы ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 06.11.2021 жылғы №230-02-03-04/486 шығыс хатында анықталған кемшіліктер үшін мекеменің бас маманы С.Абдироваға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылғандығы хабарланған.

**3. Кентау қаласы әкімдігінің «Қарнақ ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудит барысында 612,0 мың теңгеге негізсіз жасалған бухгалтерлік жазба 2021 жылдың 25 қарашадағы бухгалтерлік анықтама арқылы түзету жолымен қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Кентау қаласы әкімдігінің Қарнақ ауылы әкімінің 02.12.2021 жылғы №114 өкімімен Кентау қаласы әкімдігінің «Қарнақ ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі Ирисбаева Феруза Маннаповнаға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

**4. Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудит барысында барлығы 1 157,1 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, аудит барысында 1157,1 мың теңгеге негізсіз жасалған бухгалтерлік жазба 2021 жылдың 30 қарашадағы бухгалтерлік анықтама арқылы түзету жолымен қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Сауран ауданы әкімдігінің Жүйнек ауылдық округ әкімінің 02.12.2021 жылғы №77 өкімімен Сауран ауданы әкімдігінің «Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Тажиханов Зияитдин Бабахановичке «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

**5. Сауран ауданы әкімдігінің «Қарашық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудит барысында 37,5 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, мемлекеттік аудит барысында артық төленген қаржы 26.11.2021 жылғы №0009 түбіртекпен жергілікті бюджеттің 206109 кодына қайтарылды.

ҚР «Мемлекеттік қызмет» туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңының 45-бабына сәйкес тәртіптік жаза қолдану мерзімінің (1жыл) өтіп кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершілік мерзімі өткен.

**6. Сауран ауданы әкімдігінің «Ораңғай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** аудит барысында 24,0 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, аудит барысында 24,0 мың теңгеге негізсіз жасалған бухгалтерлік жазба 2021 жылдың 30 қарашадағы бухгалтерлік анықтама арқылы түзету жолымен қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында «Ораңғай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 28.01.2022 жылғы №1/5-04-40/71 шығыс хатында анықталған кемшіліктер үшін мекеменің бас маманы Б.Ж.Қуандыққа "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылғандығы хабарланған.

**7. Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 361 115,8 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып мемлекеттік аудит барысында 2021 жылдың желтоқсан айындағы №28 мемориалдық ордерімен 361 115,8 мың теңгеге түзету корреспонденциясы беріліп, мекеменің бухгалтерлік есебіне кіріске алынды.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында «Шаға ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 13.01.2022 жылғы №1/2-02-39/17 шығыс хатында тиісті қағидаларды басшылыққа алмағандықтан мекеменің бас маман нсепшісі Ж.Джандарбаеваға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылғандығы хабарланған.

**8. Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі-Иқан ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудит барысында 2021 жылдың 30 маусымында бастапқы құжатсыз, есептемелерсіз барлығы 375,2 мың теңгеге негізсіз бухгалтерлік жазба жүргізілгендігі анықталып, аудит барысында 375,2 мың теңгеге негізсіз жасалған бухгалтерлік жазба 2021 жылдың 25 қарашадағы бухгалтерлік анықтама арқылы түзету жолымен қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барасында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Сауран ауданы әкімдігінің Ескі Иқан ауылдық округ әкімінің 02.12.2021 жылғы №69 ж/қ өкімімен Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Расулов Анваржан Маматсабировичке «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

**9. Сауран ауданы әкімдігінің «Жаңа-Иқан ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша мемлекеттік аудит барысында 29,5 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, аудит барысында мердігер «Ерасыл құрылыс» ЖШС-і тарапынан сметалық құжаттамада техникалық қадағалау қызметі үшін көзделген 29,5 мың теңге 23.11.2021 жылғы №0010 түбіртегімен жергілікті бюджеттің 206109 кодына қайтырылып, қалпына келтірілді.

**10. Сауран ауданы әкімдігінің «Бабайқорған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 20,3 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылық анықталып, мемлекеттік аудит барысында А.Ержигитовке негізсіз төленген іс сапар шығыны 15906 теңге 25.11.2021 жылғы №0024 түбіртегімен, Т.Алхановқа төленген іс сапар шығыны 4428 теңге 25.11.2021 жылғы №0023 түбіртегімен жергілікті бюджетке 206109 кодына толық өндірілді.

ҚР «Мемлекеттік қызмет» туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңының 45-бабына сәйкес тәртіптік жаза қолдану мерзімінің (1жыл) өтіп кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершілік мерзімі өткен.

**11. Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша мемлекеттік аудит барысында барлығы 5,3 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылық анықталып, артық есептелініп төленген іссапар шығыны есеп беретін тұлғадан өндіріліп 2021 жылдың 22 қарашасында № 132611275294 түбіртегі арқылы бюджетке 206109 кодына 5,3 мың теңге толығымен өндірілді.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында, Шорнақ ауыл округі әкімінің 26.01.2022 жылғы №1-8-10-02/72 хатында, аудиторлық есептің қорытындысы бойынша мекеменің бас маман есепшісі А.Сейсембаеваға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылғандығы хабарланған.

**12. Сауран ауданы әкімдігінің «Үш-қайық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша мемлекеттік аудит барысында барлығы 16,4 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылық анықталып, мемлекеттік аудит барысында негізсіз төленген іс сапар шығыны 16 450 теңге 26.11.2021 жылғы №2111267851961 түбіртегімен жергілікті бюджетке 206109 кодына толық өндірілді.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында, Үш-қайық ауыл округі әкімінің 14.01.2022 жылғы №1/11-02-32-11 хатында, тиісті қағидаларды басшылыққа алмағандықтан мекеменің бас маман есепшісі Н.Алхановаға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылғандығы хабарланған.

**12. Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек Жолы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудиторлық іс-шара барысында іс сапар шығындарына төленген 5,8 мың теңгені 2021 жылдың 25 қарашасында №0022 түбіртегімен 206109 кодына өндірілді.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында, Жібек Жолы ауыл округі әкімінің 14.01.2022 жылғы №1/11-02-39-39 хатында, тиісті қағидаларды басшылыққа алмағандықтан мекеменің бас маман есепшісі А.Саргелтаевқа "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылғандығы хабарланған.

**13. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі** бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 76,1 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталды. Аудит барысында жолақыға негізсіз есептелініп, төленген 76,1 теңге А. Исаевтен өндіріліп, бюджетке қайтарылды.

Аудит жүргізу барысында бөлім басшысы Қ.Мусабаевтың 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №58 бұйрығымен жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол бергені үшін К. Карамбетоваға «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылды.

**14. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі** бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында 16,5 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, мемлекеттік аудит іс-шара жүргізу барысында 206109 кодына жергілікті бюджетке 2021 жылдың 21 желтоқсанындағы №135505704060 түбіртегімен толығымен өндірілді.

Аудит жүргізу барысында мекеменің жауапты қызметкері бас маман есепші Р.Богоутдиновке Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының 27-1 тармағының және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 103-бабының 1-тармағының талаптарын сақтамағаны үшін, «ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

**15.«Кентау қаласы бойынша жұмыспен қамту және әлеметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі** бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 24 266,8 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, оның ішінде аудит барысында 120,4 мың теңге толығымен өтелді, 24146,4 мың теңге қалпына келтірілді.

Аудит жүргізу барысында жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол бергені үшін бөлім басшысы Б.Айтбаевтың 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №349-жқ бұйрығымен бөлімнің бас маман-есепшісі А. Қожагелдиеваға «ескерту» және 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №351-жқ бұйрығымен бөлім басшысының орынбасары Ж. Усенхановқа «ескерту» түрінде тәртіптік шаралар қолданылды.

**16. «Кентау қалалық халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында 15 066,3 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, аудит барысында 15000,0 мың теңгеге негізсіз жасалған бухгалтерлік жазба 2021 жылдың 22 желтоқсандағы бухгалтерлік анықтама арқылы түзету жолымен қалпына келтірілді. Сонымен қатар негізсіз есептелініп, төленген 66,3 мың теңге Г.К. Мырзахметовадан өндіріліп, 24.12.2021 жылғы №0026 түбіртек арқылы бюджетке қайтарылды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Е. Мырзабековтың 23.12.2021 жылғы №201 ж/қ бұйрығымен мекеменің бас есепшісі Асанова Жазира Кенешбековнаға «сөгіс» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

**17. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімі" мемлекеттік мекемесі** бойынша аудиторлық іс-шара барысында анықталған 532,6 мың теңге сметалық пайдаға артық есептелініп төленген қаржылық бұзушылық мемлекеттік аудит барысында «АСТ Жетіген» ЖШС-нің

24.12.2021 жылғы №0024,0025 төлем тапсырысымен жергілікті бюджеттің 206109 кодына өндірілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барасында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының м.а. Ф. Қаунбаевтың 24.12.2021 жылғы №37 бұйрығымен Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімінің есепшісі Балғабаева Роза Ахметовнаға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

**18. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі"** мемлекеттік мекемесі бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 2 006,3 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, оның ішінде қалпына келтіруге жататын 1 955,6 мың теңге және өтелуге жататын 50,7 мың теңге. Аудит барысында негізсіз есептелінген сметалық пайда 50,7 мың теңге 27.12.2021 жылғы №0018 түбіртек арқылы бюджетке қайтарылды.

Бухгалтерлік жазба арқылы 1955,6 мың теңгеге аталған көпжылдық отырғызулар мекеменің теңгеріміне кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барасында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін "Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Бабаевтың 24.12.2021 жылғы №365 бұйрығымен Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің бас маман-есепшісі Утегулова Элеонора Жолдыбековнаға «сөгіс» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

**19. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімі** мемлекеттік мекемесі бойынша жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында 72,0 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылық анықталып, аудиторлық іс-шара барысында негізсіз есептелінген сметалық пайда 72,0 мың теңге 23.12.2021 жылғы №0018 түбіртек арқылы бюджетке қайтарылды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барасында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы О. Даулетшеевтің 24.12.2021 жылғы №47 бұйрығымен Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің статисті Ұ. Қуандықоваға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

**20. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі»** мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында 628 643,6 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталып, мемлекеттік аудит барысында 2021 жылдың желтоқсан айындағы №28 мемориалдық ордерімен 628 643,6 мың теңгеге түзету корреспонденциясы беріліп, мекеменің бухгалтерлік есебіне кіріске алынып, қалпына келтірілді.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында, Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 26.01.2022 жылғы №229-08/1-01/27 шығыс хатымен кемшіліктер бойынша материалды құндылықтарды түгендеу секторының сектор меңгерушісі Б.Премкуловаға 25.01.22 ж №8 ә/қ бұйрығымен "ескерту" түрінде тәртіптік шара қолданылғандығы хабарланған.

**21. Кентау қаласы әкімдігінің «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны** бойынша аудит жүргізу барысында бұзылушылықтарға жол бергені үшін кәсіпорынның экономисті (бұрынғы бас есепшісі) А.Қозбақоваға кәсіпорын директорының 20.12.2021 жылғы №19 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

**22. Кентау қаласы әкімдігінің «Байылдыр ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудит жүргізу барысында Байылдыр ауыл әкімінің 30.11.2021 жылғы №73-н өкімімен мекеменің есепшісі С. Давлетгараеваға кемшіліктерге жол бергені үшін тәртіптік жаза «ескерту» берілген.

Аудиторлық қорытынды дайындау барысында Байылдыр ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 02.02.2022 жылғы № 03-01-26/25 хатымен Байылдыр ауылы әкім аппаратының 02.02.2022 жылғы №07-н өкімімен келісім-шарт негізінде жұмыс жасайтын жұмысшылардың штат санынан 1,5 штаттық бірлік қысқартылғаны және 02.02.2022 жылғы №08-н өкімімен Байылдыр ауыл округі әкімінің аппаратының бас маманы Шамсутдинов Меирхан Сеитхановичке 29.09.2020 жыл-13.01.2021 жылы аралық қаржылық бақылау тексеру барысы кезінде анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланған.

**23. Сауран ауданы әкімдігінің «Иассы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша мемлекеттік аудит барысында Иассы ауылдық округ әкімі С. Турметовтың 2021 жылғы 02 желтоқсандағы № 46 өкімі негізінде бас маман-бас есепші А. Тулегеноваға «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылған.

**24. Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Майдантал ауылдық округ әкімі Ж.Досболовтың 14.01.2022 жылдың №1/4-10-02-08 хатымен 05.01.2022 жылғы № 1 өкімі негізінде бас маман-бас есепші Б.Шалтаеваға «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылған.

**25. Кентау қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** бойынша тәртіптік жаза қолдану мерзімінің (1жыл) өтіп кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершілік мерзімі өткен.

**26. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** бойынша тәртіптік жаза қолдану мерзімінің (1жыл) өтіп кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершілік мерзімі өткен.

**27. Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық Б.Саттарханов атындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** бойынша тәртіптік жаза

қолдану мерзімінің (1жыл) өтіп кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершілік мерзімі өткен.

**28. Кентау қаласы әкімдігінің «Ащысай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Ащысай ауылы әкімі Ғ.Андосовтың 2022 жылғы 25.01.2022 жылдың №230-23/04-08/21 хатымен 25.01.2022 жылғы №11 өкімі негізінде бас маман есепші А.Гайбуллаеваға «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілгендігі хабарланған.

**29. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша,** аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Кентау қаласы әкімдігінің 22.11.2021 жылғы №539 қаулысымен Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық кәсіпкерлік және туризм бөлімі" ММ-не Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ-і, Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты шара көрілмеді.

**30. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі" бойынша** аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Кентау қаласы әкімдігінің 22.11.2021 жылғы №538 қаулысымен Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімі" ММ-і, Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ -не біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты шара көрілмеді.

**31. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Кентау қаласы әкімдігінің 22.11.2021 жылғы №535 қаулысымен Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-і, Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ-сі болып біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылған.

Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ-нің 27.01.22 жылғы №229-15/01-01/24 шығыс хатымен Кентау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде анықталған бұзылушылықтар мен кемшіліктерді жібергені үшін аталаған бөлімінің 30.12.2021 жылғы №63 ж/қ бұйрығы бойынша сол кездегі бөлім статисті Д.Қонысқа "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланған.

**32. Кентау қалалық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** бойынша аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында мекеменің директоры Ф.Аюповтың 26.01.2022 жылғы №2 хатында кемшіліктерге жол бергені үшін мекеме есепшісі Б.Мурзабаеваға 25.01.22ж №14 бұйрықпен "ескерту" түрінде шара берілгендігі хабарланған.

**33. Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №4 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** аудиторлық қорытындыны әзірлеу

барысында мекеменің директоры Р.А. Абдураимовтың 26.01.2022 жылғы № 4 хатында кемшілкерге жол бергені үшін мекеме есепшісі А.Муслимханға 26.01.22ж № 6 бұйрықпен "ескерту" түрінде шара берілгендігі хабарланған.

**34. Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Кентау қалалық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** бойынша аудит жүргізу барысында мекеменің есепшісі М.Тенлесбаеваның 01.09.2021 жылдан бастап жұмыстан босап кетуіне байланысты шара көрілмеген.

**35. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі** бойынша аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі" ММ -нің 27.01.2022 жылғы №229-11-06-01/13 шығыс хатымен кемшіліктерге жол бергені үшін мекеме статисті А.Тайлановаға "қатаң сөгіс" түрінде тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланған.

## **2. Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:**

**«Кентау қаласы бойынша түсімдердің қалалық бюджетке толық, уақтылы түсуін және қалалық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу»** аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2019 жылы іске асыруға көзделген 43 нысаналы индикаторлар және 66 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер қарастырылған.

2019 жылдың қорытындысы бойынша 39 (90,7%) нысаналы индикаторларға, 57 (86,3%) түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге нақты қол жеткізілген. 2019 жылдың қорытындысымен 4 нысаналы индикаторларға, 9 түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

2019 жылға өзіндік кіріс көздерінің шоғырланған бюджеттің нақтыланған жоспары 2 267 383,0 мың теңгені құраса, нақты түскені 2 381 706,7 мың теңге. Жоспар 105 пайызға орындалып 114 323,7 мың теңгеге артық түскен.

Жергілікті бюджеттің 4-ші деңгейі бойынша жоспар 124 964,0 мың теңгені құраса, нақты 150 414,5 мың теңге түсіп 120,4 пайызға орындалған, 25 450,5 мың теңге артық түскен. Белгіленген жоспар салықтық жоспарының 4 түрінен артық орындалған Олар: Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша- 815,0 мың теңгеге; жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салығынан 422,2 мың теңге, жер салығынан 1 090,4 мың теңге, көлік салығынан 23 701,7 мың теңге артық орындалған.

Бюджет 40 055 851,0 мың теңге болса, кассалық орындалғаны 39 695 057,7 мың теңгені құрап 99,1 пайызға немесе 360 793,3 мың теңгеге кем орындалған.



Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2020 жылы іске асыруға көзделген 38 нысаналы индикаторлар және 62 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер қарастырылған. Оның ішінде 2020 жылға жоспарланған 38 нысаналы индикатордың 32-і немесе 84,2% орындалды, 62 нәтиже көрсеткіштің 51-і немесе 82,3% орындалып, 6 нысаналы индикаторлар және 11 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер орындалмаған.

2020 жылға арналған Кентау қаласының бюджеті, қалалық мәслихаттың 2019 жылғы 23 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» № 328 шешімімен бюджеттің кірісі бойынша 39 896 045,0 мың теңге көлемінде бекітілген. Бюджеттің атқарылуы барысында 6 рет мәслихат шешімімен нақтыланып, 22 рет қала әкімдігінің қаулыларымен түзетулер нәтижесінде қала бюджетінің шығыс бөлігі 52 858 452,0 мың теңгені құраған. Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджеттен ауытқу жалпы 12 962 407,0 мың теңге.

Республикалық және облыстық бюджеттер есебінен қаржыландырылатын ресми трансферттерден түсетін түсімдер бойынша жоспар 40 093 139,0 мың теңгені құрап, нақты түскені 40 093 139,0 мың теңге, яғни 100 пайызға орындалған.

2020 жылға өзіндік кіріс көздерінің шоғырланған бюджеттің нақтыланған жоспары 2 311 214,0 мың теңгені құраса, нақты түскені 2 385 454,2 мың теңге. Жоспар 103,2 пайызға орындалып, 74 240,2 мың теңге артық түскен. Оның ішінде:

Салықтық түсімдері 2 102 070,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 2 050 554,8 мың теңге 97,5%-ға немесе 51 515,2 мың теңгеге кем орындаған.

Салықтық емес түсімдер 59 866,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 127 527,5 мың теңге 213,0 %-ға немесе 67 661,5 мың теңгеге артық орындалған.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 149 278,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 207 371,9 мың теңге 138,9 %-ға немесе 58 093,9 мың теңгеге артық орындалған.

Жергілікті бюджеттің 4 деңгейі бойынша жоспар 120 749,0 мың теңгені құраса, нақты 202 362,5 мың теңге түскен, яғни 167,6 пайызға орындалып, 81 613,5 мың теңге артық түскен.

2020 жылға арналған аудандық бюджеттің шығысы бойынша бюджетке Қазақстан Республикасының бюджет кодексінің 106 және 109 баптарына сәйкес 6 рет толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, нақтыланған. Бюджет 52 985 593,0 мың теңге болса, кассалық орындалғаны 52 948 060,2 мың теңгені құрап, 99,9 пайызға немесе 37 532,8 мың теңгеге кем орындалған.

Кентау қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасында 2021 жылы іске асыруға көзделген 34 нысаналы индикаторлар және 4 түпкілікті нәтиже көрсеткіштер қарастырылған. 2021 жылдың 3 тоқсанның қорытындысы бойынша 28 (82,3%) нысаналы индикаторларға, 2 (50%) түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге нақты қол жеткізілген. 2021 жылдың 3 тоқсанның қорытындысымен 6 нысаналы индикаторларға, 2 түпкілікті нәтиже көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

Бұл ретте Кентау қаласының бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан жалпы жұмыстар атқарылғанымен, бюджеттің негізгі параметрлері толық орындалмаған, Кентау қаласының негізгі әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы қала тарапынан нәтижелілік толық қамтамасыз етілмеген. Мұндай жағдайға, аудит барысында анықталған қаржылық бұзушылықтар мен рәсімдік бұзушылықтар, қаржының тиімсіз жоспарлануы мен тиімсіз жұмсалуды тікелей әсер етуде деп есептейміз. Бұл өз кезегінде жалпы Түркістан облысы бойынша әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштерінің толық орындалуына кері әсерін тигізеді деп есептейміз.

Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған аумақтарды дамыту бағдарламасының жалпы барлық бағыттары бойынша тиісті іс-шараларды орындау мақсатында одан әрі жұмыстарды жетілдіріп, орындалмаған жекелеген көрсеткіштерге баса назар аудару ұсынамыз.

Жалпы аудитпен 69 906 502,5 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 24 310 030,1 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 01.10.-31.12.2019 жыл кезеңі бойынша 14 334 445,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 7 589 358,1 мың теңге*), 2020 жыл кезеңі бойынша 47 844 251,5 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 12 540 827,0 мың теңге*), 2021 жылдың 9-айы тексеру кезеңіне 7 727 806,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 4 179 845,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 40 объектінің ішінде 21-де қаржылық бұзушылықтар, 1 мекемеде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығы қамтамасыз етілмеген, 34 объектіде 114 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы барлығы **1 043 644,7 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

-Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **1 063,9 мың теңге**;

-Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **1 035 912,4 мың теңге**;

-Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету **-6 668,4 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **1 043 644,7 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 1 035 912,4 мың теңге, өтелуге жататыны 1 063,9 мың теңге, салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету бойынша 6 668,4 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **1 043 644,7 мың теңге** өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 1 035 932,4 мың теңге қалпына келтірілген болса, 1 063,9 мың теңгесі өтелді, 6 668,4 мың теңге салық заңнамасына сәйкес бет есептері ретке келтірілді*).

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 114 бірлік бұзушылық фактілері 34 объектіде орын алған.**

**оның ішінде** бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бұзушылық фактілері бойынша 21 мекемеде 65 бірлік, бюджет қаражатын

және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 15 мекемеде 49 бірлік анықталған.

Қаржылық бұзушылықтар айлық жалақыны дұрыс есептемеу салдарынан 2 мекемеде 31,0 мың теңге, қызметкерлердің іс сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан 7 мекемеде 214,4 мың теңгеге, атаулы әлеуметтік көмек және қоғамдық жұмыстың дұрыс тағайындалуы мен төленуі бойынша 2 мекемеде 133,7 мың теңге, техникалық қадағалаушы қызмет ақысы қосымша құн салығымен 1 мекемеде 29,5 мың теңге сметалық пайда есептелген, 3 мекемеде сметалық пайда есептеліп 655,3 мың теңгеге қаржылық бұзушылық анықталған, 1 мекемеде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығы 6 668,4 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген, 10 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 1 035 912,4 мың теңгені құраған.

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Жалпы өңір экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасау, аудан халқының денсаулығын жақсарту және өмір сүру ұзақтығын ұлғайту, қоғамдық және құқықтық тәртіп бойынша жұмыстарды жандандыру қажет деп есептейміз.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауға болады.

### **3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар :**

**1.** Тексеру комиссиясының отырысында «Кентау қаласы бойынша түсімдердің қалалық бюджетке толық, уақтылы түсуін және қалалық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Кентау қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

**2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Тексеру комиссиясының Ұсынымы мен Нұсқамалары жолдансын.**

**1. Кентау қаласы әкімдігінің «Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысына:**

1) 2022 жылдың 15 наурызына дейін мынадай ішкі құжаттар бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын:

-Кәсіпорынның есеп саясатын бекіту және келісу;

-Кәсіпорынның салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі салықтық есепке алу саясатын бекіту.

**2. «Кентау қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2022 жылдың 15 наурызына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**3. Сауран ауданы «Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2022 жылдың 15 наурызына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**4. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Кентау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2022 жылдың 15 наурызына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**3.** Аудиторлық қорытынды бойынша аудандық мәслихатқа ақпарат жолдансын.

**4.** Аудиторлық қорытынды бойынша аудандық әкімдігіне ақпарат жолдансын.

**3.4 Қосымша:**

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.